

ПО ИТОГАМ 2024 ГОДА НАБЛЮДАЕТСЯ ПОЛОЖИТЕЛЬНАЯ ДИНАМИКА ВО ВСЕХ СФЕРАХ ТРАНСПОРТА. В СФЕРЕ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА РОСТ ОБЪЕМОВ ПЕРЕВОЗОК СОСТАВИЛ 2%. ГРУЗООБОРОТ ДОСТИГ 272 МИЛЛИАРДОВ ТОННО-КИЛОМЕТРОВ. ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК ПО ТРАНСКАСПИЙСКОМУ МЕЖДУНАРОДНОМУ ТРАНСПОРТНОМУ МАРШРУТУ ВЫРОС НА 62%.

Сатжан АБЛАПИЕВ,
вице-министр транспорта РК



№13 (3052)
21/02/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ПЕРСПЕКТИВЫ ВЗАИМОВЫГОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА

АО «НК «ҚТЖ» ведет большую работу по развитию инфраструктуры Казахстана и наращиванию объемов перевозок, в том числе привлекая иностранные инвестиции в крупные транспортно-логистические проекты. При этом китайские инвестиции играют важную роль в развитии ключевых отраслей экономики страны, среди которых сейчас в приоритете – логистика. Страны все более тесно взаимодействуют друг с другом, что подтверждается ростом совместных предприятий и расширением инвестиционных предложений для китайских партнеров. На днях руководство СУАР приняло решение об инвестировании одного миллиарда юаней на строительство транспортно-логистического хаба в Казахстане.

Китайские компании активно участвуют в модернизации инфраструктуры и создании транспортных узлов, способствующих укреплению Казахстана как транзитного центра Евразии. Таким образом, Казахстан в полной мере использует выгоды своего географического положения как сухопутного моста Евразии и соседства со второй по величине экономикой мира.


В Казахстане зарегистрировано около пяти тысяч компаний с китайским участием. В последние годы число таких предприятий значительно увеличилось, что отражает стратегический интерес Китая.

На днях в городе Урумчи член Политбюро ЦК КПК, секретарь Коммунистической партии СУАР КНР господин Ма Синжуй принял председателя правления АО «НК «ҚТЖ» Нурлана Сауранбаева.

Во время встречи господин Ма Синжуй отметил устойчивую динамику роста железнодорожных перевозок между РК и КНР, объем которых в 2024 году достиг рекордного уровня – 32 миллиона тонн.

Во время переговоров подчеркнуто, что все вопросы, которые обсуждались на прошлых встречах, полностью выполнены: строительство вторых путей на участке Достык – Мойынты, увеличение объема транзитных грузов и другое.

Немаловажно, что были намечены и планы на 2025-2026 годы, среди которых создание транспортно-логистического



хаба в Алматинской агломерации, развитие пограничного перехода Достык – Алашанькоу и скорейшая реализация строительства железнодорожной линии Бахты – Аягоз. Отмечена необходимость создания смешанной комиссии с участием государственных органов для общей координации в вопросах перевозки грузов всеми видами транспорта. По всем обсуждаемым вопросам назначены ответственные лица и определены сжатые сроки реализации.

Во время еще одной недавней знаковой встречи в Китае железнодорожники Казахстана и Китая также обсудили

вопросы увеличения грузоперевозок. Так, руководство АО «НК «Қазақстан темір жолы» встретилось с председателем правления ООО «Урумчийская железная дорога» господином Го Цзянь.

Стороны подвели итоги работы железных дорог в 2024 году. Отмечено, объем перевозок между РК и КНР составил рекордные 32 миллиона тонн, рост к прошлому году – на 13%. В ходе переговоров казахстанская сторона сообщила о досрочном завершении в текущем году строительства вторых путей на участке Достык – Мойынты и железнодорожной линии в обход

Алматы, что позволит значительно нарастить пропускную способность в направлении КНР.

Стороны договорились с 1 марта текущего года увеличить в два раза сдачу поездов из Казахстана в Китай через погранпереход Алтынколь – Хоргос, с 8 до 15 поездов в сутки, и с 1 июля этого года через погранпереход Достык – Алашанькоу, с 14 до 28 поездов в сутки.

Утвержденные совместные планы на 2025 год значительно повысят экспортный потенциал и откроют дополнительные возможности для отечественных товаропроизводителей. Таким образом, железнодорожные грузоперевозки между Казахстаном и Китаем демонстрируют ежегодный рост. При этом свою значимую роль в наращивании объемов грузов играет еще один большой совместный проект – Казахстанско-китайский терминал в сухом порту города Сианя, который консолидирует до 40% всех контейнерных поездов, идущих в направлении Казахстана.

Сотрудничество ҚТЖ с крупнейшими китайскими партнерами дает стране огромное преимущество на всем Евразийском пространстве, выводя Казахстан в безусловные лидеры транспортно-логистического развития.

Алуа ТЛЕУБАЙ
Фото предоставлено пресс-службой АО «НК «ҚТЖ»

ЫНТАЛАНДЫРУ ҚҰРАЛЫ БОЛМАҚ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Әлихан Қыраубаевтың төрағалығымен инфосессия форматында селекторлық кеңес өтті. Іс-шараға компанияның өңірлік және желілік деңгейдегі басшылары мен HR-мамандары қатысты.

Инфосессияда ҚТЖ-ның аға HR бизнес-серіктесі Әсел Ақтау еңбекақы төлеу және қызметкерлерді ынталандырудың жаңа құралдары саласындағы жаңалықтармен бөлісті. Айтуынша, компания соңғы жылдары жалақы деңгейін көтеру бойынша айтарлықтай жұмыс жүргізген. Мәселен, соңғы бес жылда қызметкерлердің табысы 2,7 есеге, оның ішінде 2025 жылы – 7%-ға өсті, сондай-ақ еңбек сіңірген жылдары үшін біржолғы төлемдер енгізіліп отыр. Компанияда 10 және одан да көп жыл жұмыс істеген қызметкерлер 100 мың теңге, 20 және одан да көп жыл – 200 мың теңге, 30 және одан да көп жыл жұмыс істегендер 300 мың теңге мөлшерінде біржолғы ақшалай сыйақы алады. Бұл төлемдер жыл сайын жүргізілетін болады.

Ал Адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері Карина Киреева аймақтық және желілік бөлімшелердің қызметкерлеріне мақсат қою туралы әңгімелеп берді. Тұсаукесер барысында жетекшілік ететін басшылардың КРІ-лері тігінен төмен қарай каскадталуы және өндірістік тиімділікті арттыруға, қызметкерлердің қауіпсіздігі мен қауағаттанушылығын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс екендігі атап өтілді.

Келесі сөз кезегін алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ HR бизнес-серіктесі Алма Сәулебаева қызметкерлерді оқыту және дамыту саласындағы 2024 жылғы жұмыс нәтижелері және 2025 жылға арналған жұмыс жоспарлары туралы айтып берді. Ол сондай-ақ өңірлердегі оқу орындарымен одан әрі ынтымақтастықтың және жоғары сынып оқушылары арасында кәсіптік-бағдарлау жұмысын күшейтудің маңыздылығын атап өтті.

Іс-шара соңында Әлихан Қыраубаев компания HR-процестерді жетілдіру, персонал жұмысының тиімділігін арттыру және қолайлы еңбек жағдайларын жасау бойынша кешенді шараларды іске асыруды жалғастыратынын мәлімдеді. Өңірлік филиалдардың басшыларына жаңа бастамаларды енгізу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу және кадрлар айналымын төмендетуге, еңбек жағдайларын жақсартуға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге және ұжымдармен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған шараларды қабылдау тапсырылды.

Ислам ТАЛҒАТ

ЭКСПОРТНЫЙ ГРУЗ ПРИБЫЛ В США



АО «KTZ Express» реализована экспортная отправка груза из Казахстана в США. Срок мультимодального сервиса ҚТЖ из Казахстана в Соединенные Штаты Америки составил 68 суток.

Реализация данного проекта открывает новые перспективы для казахстанского экспорта и расширяет торгово-логистические возможности.

Маршрут экспортной перевозки из Казахстана получил старт из города Алматы и, проследовав через порт Актау (Казахстан), был перегружен на судно. Далее контейнеры доставлены морским путем в порт Алят (Азербайджан). Оттуда груз отправился железнодорожным транспортом в порт Потти (Грузия), где снова был перегружен на судно и морским путем доставлен до конечного пункта назначения – город Хьюстон (США) 16 февраля 2025 года.

В данной отправки АО «KTZ Express» предоставлен полный спектр транспортно-логистических услуг, включая организацию первой мили, страхование груза, предоставление контейнеров и предварительное декларирование. Таким образом, национальный перевозчик расширил географию перевозок в сфере международной логистики, совершив экспортную отправку несервированного груза в Соединенные Штаты Америки.

Данное событие стало важной вехой, подтверждающей готовность АО «KTZ Express» предоставлять надежный и высококачественный сервис в любом маршрутном направлении, что открывает казахстанским производителям новые возможности для выхода на мировые рынки.

Асель ШАЙХЫНОВА

Жоба

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУДЫҢ АУҚЫМДЫ ЖОСПАРЫ

ҚР Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитеті төрағасының орынбасары Нұржан Келбұғанов Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында теміржол саласында жүзеге асырылып жатқан ірі инфрақұрылымдық жобаларға тоқталды.

Ұлан ОРАЗ,
Астана

Бұл – жалпы көлемі 1300 шақырымды құрайтын 4 жоба: Достық – Мойынты және Алматы айналма жобасы, Дарбаза – Мақтаарал және Қытай елімен қосатын Аягоз – Бақты теміржол өткелі және жаңадан қосылған Қызылжар – Мойынты телімі.

– Жоспар бойынша Достық – Мойынты және Алматы айналма жобасы биыл бітіп, қолданысқа беріледі. Сонымен қатар ұзындығы 366 шақырым болатын «Қызылжар-Мойынты» жаңа теміржол желісі салына бастады. Бұл ТХКБ-ны 150 км-ге қысқартуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, инфрақұрылым қуаттылығын арттыру және өткізу қабілетін кеңейту мақсатында «Алтынкөл-Жетіген» және «Бейнеу-Маңғыстау» уаскелері жаңғыртылады. «Қызылжар-Сексеуіл», «Шалқар-Бейнеу» уаскелерінде автоблантау жаңа жүйелері енгізіледі. 2030 жылға дейінгі көлік-логистика әлеуетін дамыту тұжырымдамасы аясында инфрақұрылымды

дамыту бойынша нақты шаралар іске асырылып жатыр. Қазір екі негізгі транзиттік дәліз – Транскаспий халықаралық көлік бағдары мен «Солтүстік-Оңтүстік» дәлізінің шығыс бағытына басымдық беріліп отыр. Сонымен қатар теміржол тасымалы бойынша транзиттік тасымал 60% ұлғаяды, контейнерге жетеді, автокөлік транзитінің көлемі 6 есеге, 29 млн тоннаға дейін өседі. 2030 жылға қарай Қазақстандағы транзиттік жүк тасымалы көлемін екі еседен астам, 74 млн тоннаға арттыру жоспарланған. Қазіргі таңда елімізде 5 теміржол және 8 автокөлік дәлізі қалыптасып, тиімді жұмыс істеп тұр, – деді спикер

2024 жылы Қазақстан арқылы транзиттік жүк тасымалы 34 млн тоннадан асты, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 6% көп. Барлық жүктің 80%-ы теміржол арқылы, 20%-ы автокөлікпен тасымалданды. Биыл жолаушылардың жайылығы мен тасымалдың сапасын арттыру үшін 226 жаңа вагон сатып алынады. Аталған жаңа вагондар 13

бағыт бойынша қатынайды және халықаралық бағыттарға да қосылады. Былтыр осы мақсатта 143 жаңа вагон сатып алынған. Ал негізінен 2029 жылға дейін отандық вагон паркін 1000 вагонға дейін жаңарту жоспарда бар.

– Болашақта Румыния, Венгрия және Қытайдың Үрімші қаласында бірлескен терминалдар ұйымдастыру мәселесі қарастырылуда. Жалпы алғанда, сыртқы терминалдық қуат 4 есе өсіп, жылына 2 млн 500 мың контейнерге жетеді, бұл жүк ағындарын біздің көлік инфрақұрылымымызға тартуға мүмкіндік береді. Осы жобалардың арқасында транзит 3 есеге артып, 76 млн-ға жетеді. Бұл еліміздің көліктік-транзиттік әлеуетінің дамуына зор үлес қосады, – деді Н.Келбұғанов.

Сонымен қатар көршілес елдермен теміржол түйіспелерінде пойыздарды өткізу қабілетін арттыру, ішкі терминалдық желіні дамыту, Қазақстанның шетелдегі жүк қалыптастыру нүктелеріндегі географиясын кеңейту бойынша шаралар қабылдануда.

НОВАЯ ТЕХНИКА – ЗАЛОГ НАДЕЖНОСТИ

АО «НК «ҚТЖ» уделяет особое внимание обновлению техники восстановительных поездов. В прошлом году парк пополнили четыре бульдозера и современный железнодорожный кран с телескопической стрелой.



Любовь РОВБА,
Астана

К настоящему моменту в компании имеется 37 восстановительных поездов, которые первыми прибывают для устранения последствий сходов и железнодорожных аварий. От их слаженной работы зависит, как быстро будет восстановлено движение на участках.

Эти составы также привлекаются для выполнения масштабных хозяйственных и строительных работ, таких как укладка и замена стрелочных переводов и другие задачи.

Восстановительные поезда оснащены всем необходимым оборудованием. В их состав входят платформы с гусеничной техникой,

грузоподъемные краны. Также в наличии вагоны с автономной электростанцией, прожекторами, домкратами, тросами и стропами.

Компания на постоянной основе обновляет технику восстановительных поездов. Так, в 2024 году приобретено четыре бульдозера марки Т-35.01 ЯБЛ для восстановительных поездов на станциях Павлодар, Курорт-Боровое, Макат и Бейнеу. Также парк пополнился современным железнодорожным краном с телескопической стрелой грузоподъемностью до 150 тонн.

В 2024 году для ликвидации последствий сходов подвижного состава восстановительные поезда выезжали 75 раз, при этом было поднято 195 вагонов и 17 локомотивов.



Для выполнения хозяйственных работ 602 раза задействовали краны – на укладке стрелочных переводов, погрузке/выгрузке стрелочных переводов и шпал, 197 раз трактора – для снегоборьбы, водоборьбы и т. д.



Оқас САПАРОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Теміржол көлігіндегі персоналды бағалау және дамыту орталығы» филиалының директоры:

«НЕГІЗГІ БАҒЫТЫМЫЗ – БАРЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР БОЙЫНША ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ДАЙЫНДАУ. ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП КҮНДІЗГІ ЖӘНЕ ҚАШЫҚТАН ОҚИТУ КУРСТАРЫ БІЗДІҢ ЖҮЙЕМІЗДІ ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ҮШІН ҮНГӘЙЛІ, ИКЕМДІ ЕТЕ ТҮСЕДІ. МҮНДА ҮЗДІК ОҚИТУШЫЛАР, ӨНДІРІСТІК ОҚИТУ ШЕБЕРЛЕРІ, САЛА САРАПШЫЛАРЫ ДӘРІС ОҚИДЫ. ЖЫЛ САЙЫН 23 МЫҢНАН АСТАМ МАМАНДЫ ОҚИТАМЫЗ»

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ТХКБ БОЙЫНША ТАСЫМАЛ КӨЛЕМІ

62%

ӨСКЕН.

БИЫЛ ПАВЛОДАР ЖТ БӨЛІМШЕСІНДЕ

13

НЫСАН ЖӨНДЕУДЕН ӨТКІЗІЛМЕК.

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕГІ ПЕРСОНАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ ЖЫЛ САЙЫН

23 000

МАМАНДЫ ОҚИТАДЫ.

ЖОБАЛАРДЫ ДАМУЫ МІНДЕТТЕЛДІ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Абай облысына арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Премьер-министрі жергілікті активке аймақтың жаңа әкімі Берік Уәлиді таныстыру барысында өңір басшылығы алдына ел Президенті жүктеген бірқатар міндеттерді атап өтті.

Соның ішінде инвестициялық ахуалды жақсартуға баса назар аудара отырып, аймақтағы көлік транзитін, жаңа инфрақұрылымдық жобаларды дамыту керектігін сөз етті. Атап айтсақ, Абай облысы Ресей және Қытаймен шектеседі, халықаралық транзиттік сауда торабы саналады, сондықтан да аймақ қолда бар транзиттік әлеуетті барынша пайдалануы қажет. Осы орайда қазірден бастап Аягөз – Тачэн бағытындағы теміржол желісі және «Бақты» кеден бекетіндегі құрғақ порт құрылысы бойынша маңызды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру мәселелерін бақылауда ұстау тапсырылды. Өңірдің маңызды инфрақұрылымдық жобасының бірі Бақты – Аягөз аралығындағы Қазақстан – Қытай үшінші шекаралық теміржол өткелінің құрылысы екені белгілі. Мемлекет басшысының Жолдауы аясында басталған бұл жоба бірінші кезекте көлік инфрақұрылымын жақсартуға және халықаралық сауда дәлізін кеңейтуге бағытталған. Жобаны іске асыру үшін Абай облысының әкімдігі ауданы 10 506,3 га жер учаскесін арнайы резервке қойды. Оның 5 911,7 га мемлекеттік меншікте болса, 4 594,6 га жеке меншік иелеріне тиесілі. Жер телімдері Аягөз, Ұржар, Мақаншы аудандарының әкімшілік шекараларында 5 жыл мерзімге сақталады. Бұл шаралардың сыртында Семей ЖТ бөлімшесі басшылығы арнайы мамандармен бірге құрылыс салынатын телімдерді толық зерттеп шыққан болатын.

Құрылыстың бастапқы кезеңінде жергілікті тұрғындар арасынан жұмыс күшін тарту жоспарлануда. Ал жобаны пайдалану кезеңінде түрлі кәсіп мамандары үшін 1 800-ге жуық жұмыс орны құрылатын болады. Аталған нысандарды 2027 жылы пайдалануға беру күтілуде.

ҚАТЕР АЯҚ АСТЫНДА...

Ардақ ҮСЕЙНОВА,
Жамбыл



Облыс орталығының іргесіндегі Бурыл станциясында қозғалыс қауіпсіздігін сақтау мақсатында тұрғындарға ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Бурыл – екінші санаттағы жүк вагондарын сұрыптау станциясы. Тараз қаласының бұл аумағында жеке тұрғын үйлер темір жолға тым жақын салынған. Бір орта мектеп пен аурухана да жолға жақын орналасқан. Бір сөзбен айтқанда, жаяу жүргіншілер қозғалысы қауырт аймақ. Көп жағдайда бұрыс пен дұрысты ескере бермейтін балалар тұрмақ, ересектердің өзі асығыстықпен шойын жолды рұқсат берілмеген аумақтан кесіп өтіп кетіп жатады.

Станциядағы жаяу жүргіншілерге арналған өткел алдында «Темір жол – қауіпті аймақ», «Пойыздан абайла!» деген ескерту белгілері қойылған. Ал «Ауыл береке» базарының жанынан кесіп өтетін автокөлік өткелінде бағдаршам бар. Пойыз келе жатқанда бағдаршам шырылдап белгі береді. Ол жерден өтерде көліктер тоқтап, сосын әрі қарай өтуі тиіс.

– Бурыл станциясында маневрлік жұмыстар жүргізілгенде, дыбысқұшейткіш құрылғы арқылы хабарлап отырамыз. Бірақ соның өзін ескермейтіндер бар. Әсіресе, оқушылардың көктемгі, жазғы демалысы кезінде пойыздар қозғалысы кезінде қауіп-қатер арта түседі. Жас жеткіншектер қызық көріп, селфи жасап, тағ-тоққа видео түсіріміз деп ескертулерге қарамастан, вагондардың үстіне шығып кетіп жатады. Тіпті ересек тұрғындардың өзі жақын маңдағы жаяу жүргіншілердің өткелінен айналып жүргісі келмей, станциядағы қызметтік өткелді кесіп өтеді. Жолдың жабық екеніне, пойыздар тоқтап тұрғанына қарамайды. Сондықтан біз Тараз станциясындағы желілік полиция бөлімі бірлесіп, жиі-жиі осылай ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырамыз. Бүгінгі іс-шара станциядағы қызметтік өткелден басталып, №50 орта мектепте жалғасын тапты. Оқушыларға да қауіпсіздік талаптарын таныстырдық, – дейді Бурыл станциясының бастығы Нұрлан Сәкенұлы.

Станция бастығының айтуынша, жолдан өту ережесін бұзғандарға алдымен ауызыша ескерту жасалып, оны да елең қылмағандарға айыппұл салынған. Айыппұл арқалағандар бұл ең бірінші кезекте өз қауіпсіздіктері үшін жасалып жатқанын ескермей, шу көтеріп, реніш білдіреді екен. Мамандар тұрғындарға асығыстықпен қауіпті аймақтың қатерін естен шығармауды ескертеді.

СЕКСЕУІЛДЕ СҰРЫПТАУ ЖҰМЫСЫ ҚЫЗҒАН



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Бұл жетістіктер – теміржолшылардың кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігінің нәтижесі, сонымен қатар тиімді басқарудың да көрсеткіші. Сексеуіл станциясының бастығы Абдул-Хамид Тұрмантаев – жұмысты дұрыс ұйымдастыра білетін тәжірибелі теміржолшы. Станцияда теміржолшылардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиімді бақылау мен техникалық пысықтау нұсқамалары ауысым алдында қатаң түрде, тұрақты жүргізіледі. Жолаушы пойыздарының жөн-жосықсыз жөнелтілуі мен қабылдануына жол берілмей, кестенің қатаң сақтауы қадағаланады.

Сол сияқты пойыздардың сұрыпталуы мен маневрлік жұмыстар да тиімді ұйымдастырылған. Өткен жылы 12 ай ішінде станцияда 3 473 пойыз сұрыпталып, 206 510 вагон өңделген. 3 981 пойыз құрастырылып, оған 214 626 вагон өңделіп тіркелген. Жүк тасымалы жұмыстарының көрсеткіштері де оң нәтижелермен ерекшеленеді. Тиеу жоспары бойынша 158 вагон артық тиелсе, түсіру жоспары да 100 вагонға артығымен орындалған. Жүк вагондарының орташа



салмағы 59,2 тоннаға жетіп, жүк тасымалының тиімділігін арттырған. Вагондарды өңдеу де жоспардан аз уақытта орындалып, жұмыс көрсеткіші 164,6 пайызды құраған. Ал вагондармен жұмыс жасалмаған уақытты 123 пайызға дейін қысқартуға қол жеткізген. Жұмыс жасалған вагондардың уақыт көрсеткіші де жоспардан 128 пайызға артық орындалған. Жүк пойыздарының бір вагонының тұру уақыты жоспарланған 4,56 сағаттың орнына 3,84 сағатқа жуықтаған. Маневрлік және кірме жолдар маневрлік

жұмысқа арналған локомотивтердің санын сақтау арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

– Күнделікті сағат сегізде станция мен бөлімше басшыларының қатысуымен есеп беру жұмысы жүргізіледі. Бұл – тиімділікті арттыруға және кемшіліктерді жедел анықтауға мүмкіндік береді, әрі команданың бірлігін арттырады. Өріптестерімнің арасында кәсібилігі мен іскерлігі жоғары жандар көп, атап өтсем, станция кезекшісі Жаппарберді Абдырахманов, маневр диспетчері Еркебулан Қарабаев, пойыз қабылдаушы Қуантқан Алдамжаров, информатор Жанат Тлепбергенова, парк кезекшісі Жандос Мырзағұлов және пойыз құрастырушы Қуаныш Серіковтердің қай-қайсысы да жұмыс тиімділігін арттыруға тырысып, кемшіліктерді тез анықтап, шешуге ұмтылатын майталман мамандар. Мұндай жұмыс тәсілі мен тәртіп қашанда жақсы нәтижелерге қол жеткізеді, – дейді станция бастығы Абдул-Хамид Амеуллаұлы.

Бөлімшенің солтүстігіндегі тораптық станцияның өндірістік жұмысындағы көтеріңкі көрсеткіштер биылғы жылы да сақталатынына сенім мол.

Суретті түсірген автор

ЕСКЕРТУ ҚҰРЫЛҒЫСЫН ОЙЛАП ТАПТЫ



Ақтөбелік жас инженер Бақытнұр Еркемова ойлап тапқан қозғалыс датчигі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге септігін тигізбек. Өнертапқыштық ұсыныс тәжірибеде сыналып, сарапшылар тарапынан оң баға алды. Қауіп-қатерді алдын ала ескерту жүйесін алдағы уақытта көбейту жоспарда бар.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

«КТЖ – Жүк тасымалы» Ақтөбе бөлімшесінің еңбекті қорғау жөніндегі жетекші инженері Бақытнұр Еркемованың бұл салада он жылдық тәжірибесі бар. Еңбек қорғау саласында өнертапқыштық ұсыныстармен, жаңашылдықтармен талай жылдан бері жіті танысып, зерттеп келеді. Нәтижесінде өзі де өндіріске ұсыныс енгізіп, теміржолшылардың қауіпсіздігіне көмекші қозғалыс датчигін ойлап тапты. Бұл – қауіпті аймақта жұмыс істейтіндер үшін ескерту жүйесі. Қазір Ақтөбе станциясында қолданыста тұрған жүйе тиімділігін дәлелдеп үлгерді. – Біз үшін теміржолшылардың

өндірісте жарақат алуын төмендету маңызды. Қауіпті аймақтардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында талай рапұсыныстар ойлап тауып жатқандар бар. Мен де өз еңбегімнің нәтижесі осы қосымша қозғалысты бақылау қондырғысын ұсындым. Ескерту жүйесі тиісті мамандар тарапынан мақұлданып, қолдау тапқаны мені шабыттандыра түсті. Бүгінде пайдаланып жүрміз, енді оны көбейтіп, жол бойының қауіпті аймақтарына қою ойластырылуда, – деді ақтөбелік инженер.

Автор ұсынған рационализаторлық ұсыныс адамдардың қауіпті аймақтарда болуын бақылауға және ескерту жасауға арналған. Бүгінде Ақтөбе станциясында бір жерге орналастырылған. Автомат-



тандырылған бақылау құрылғысы жарық және дыбыстық сигнал беру, сенсорлар және басқа да элементтерден тұрады.

Автордың айтуынша, ерекшелігі – датчик қандай да бір қозғалысты анықтаған кезде қауіпті аймақтағы жұмысшыларға ескерту жасайды. Осылайша, теміржолшылар өздерінің қауіпті аймақта екенін түсініп, оқыс

оқиғалардың алдын алады. Әрі қарай сигнал беру жүйесі машинистер мен диспетчерлерге де ақпарат жеткізіп, қажет болған жағдайда шұғыл шара қолдануға мүмкіндік береді.

Бұл құрылғы қауіпсіздікті арттырумен қатар, оқыс оқиғалар мен апаттардың алдын алуға көмектеседі деп күтілуде. Жүйе диспетчерлер мен пойыз машинистеріне қауіпті аймақта адамның бар-жоғын ескертіп, алдын ала, жылдам әрекет етуге жағдай жасайды. Теміржол қызметкерлерінің қауіпсіздігін жақсартуға үлес қосады деп қолдау отырған құрылғыны ойлап тапқан еңбек қорғау инженеріне шығармашылық табыс тілейміз.

Суретті түсірген автор

ӨТКЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІ АРТА ТҮСТІ



Арыс жол дистанциясына қарасты Шағыр ауылының іргесіндегі теміржол өткелі облыстық маңызы бар «Сарыағаш-Жылға-Монтайтас-Рабат-Сұлтан рабат» автомобиль жолымен түйіседі. Облыстық маңызы бар санатқа жататын КХ-11 индексті жолдың жалпы ұзындығы 170 шақырымға созылады. Сондықтан да мұнда күзетпен реттелетін өткел қойылған.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Жуырда Шағыр станциясы аумағындағы 3250-шақырым, 3-пикетіндегі күзетіліп, реттелетін өткелде жөндеу жұмыстары жүргізілді. Аталған орында 6 сағаттық толаскез жарияланып, күндізгі уақытқа жоспарланған жөндеу жұмыстары ойдағыдай орындалды.

Негізінен, автокөлік жолының деңгейі облыстық санатқа жатқанымен, бұл жерден тәулігіне 150 мен 200 аралығында әркілі көлік түрлері өтеді. Оның арасында халықаралық бағытта қатынайтын ауыр салмақты немесе габариттен тыс жүк тасымалдайтын көліктер де жүріп жатады. Себебі мұндағы жол тіреу көпірлерсіз әрі ашық аспан астында деңгейі тегіс төселген. Оған қоса көлік қозғалысының жиілігі де аса қарқынды емес санатта. Ал жүк және жолаушылар тасымалдау қызметіндегі пойыздар да көп жағдайда халықаралық бағытта қатынайды. Демек Өзбекстанға кіріп-шығатын екі түрлі тасымал



құралдары үшін (автокөлік және теміржол) аталған өткелдің маңызы өте жоғары деген сөз.

Арыс жол дистанциясына қарасты өткелдің жауапты өкілі Сәбитхан Тойбековтің айтуынша, таңғы сағат 9:00-15:00 аралығындағы жоспарлы жұмыс жергілікті атқарушы билік өкілдерімен кеңесе отырып іске асырылған. Жергілікті тұрғындардың әлеуметтік желідегі парақшалары мен ресми ақпарат құралдарында алдын ала хабарландыру кеңінен таратылды. Монтайтас пен Шағыр ауылының тұрғындары мен өзге де жолаушылар үшін

уақытша туындайтын қолайсыздыққа түсіністікпен қарап, сапарға шығуды өзге бағытпен жоспарлау ұсынылды.

Жалпы, бұған дейін өткелдегі екі жұл рельстің жиегі мен аралығына темірбетонды ішпалдар төселген болатын. 14-ші айналым жолының шеберлері оның бәрін түбірімен қопарып, астындағы лайға айналған сазды топырағымен қоса алып тастап, қиыршық тастарды қайта төсеген. Күш-қуаты мол арнайы техникамен нығыздалған қиыршық тас үстіне 2 750 метрлік ағаш ішпалдар қойылған. – Осылайша 3 ішпалды ұзы-

нынан қатар төсеу арқылы ені 8 метрлік өткелден өту жайлы болды әрі қауіпсіздігі арта түсті. Егер резеңке төсемдер төселсе, өткелдегі қызмет сапасы жоғарылай түсетіні сөзсіз, – дейді Сәбитхан Бескемпірұлы.

Сапарды асықпай жалғастыруды көздеген жүргізушілер жөндеу жұмыстары аяқталғанша сол маңда күткен. Ал дйттеген жерге шұғыл жетуді көздегендер Бадам жетесі Шымкент арқылы қатынауына тура келген. Ал енді жөндеу жұмыстарына байланысты жылжымалы құрам жылдамдығы баулағаныммен, ешбір пойыз кідіріске ұшырамаған. Яғни әдетте сағатына 80-90 шақырымдық жылдамдықпен өткелден өте шығатын пойыздардың жылдамдығы осы сәтте сағатына 40 шақырымға дейін төмендетіліп, оның ешбірі аялдап немесе тоқтауға мәжбүр болмаған. Өткелге жауапты мамандардың түсіндіруінше, мұнда тәулігіне орташа есеппен 70 жұп жылжымалы құрам ерсіл-қарсылы қатынап жатыр.

Суретті түсірген автор

ВАЖНЫЙ ГРУЗ



Более 500 тысяч тонн зерна перевезено по сети Акмолинского отделения грузовых перевозок в январе.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Кокшетау

Всего за январь акмолинскими железнодорожниками перевезено 696,7 тысячи тонн грузов, включая 512,8 тысячи тонн зерна, что эквивалентно 7 478 вагонам. Из общего

объема 94,1 тысячи тонн перевезено по территории страны (1 408 вагонов), а на экспорт – 418,6 тысячи тонн (6 070 вагонов).


Особое внимание АО «НК «Қазақстан темір жолы» уделяет организации маршрутов для перевозки зерна в направлении Центральной Азии, Китая и порта Актау

(экспорт). Так, в январе сформировано пять отправительских зерновых маршрутов на экспорт. Зерно было перевезено в 1 228 контейнерах, из которых 20 составляют организованные маршруты.

В прошлом году по сети Акмолинского отделения грузовых перевозок перевезено 7,2 миллиона тонн грузов, основными из которых стали зерно, продукты перемола, цианид и другие.

Перевозочный процесс осуществлялся двумя видами тяги: электровозной (на участках Сороковая – Астана – Кокшетау – Жана-Есиль – Пресногорьковская), которая обеспечивает 96% перевозок, и тепловозной (на участках Петропавловск – Кокшетау – Кзыл-Ту).

ПОДГОТОВКА ПОЛНЫМ ХОДОМ



В Костанайском регионе полным ходом идет подготовка к возможному паводку.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил региональный главный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «Қазақстан темір жолы» по Костанайскому участку Әлібек Махамбет, начиная с 15 февраля, по указанию руководства компании, на всех дистанциях пути начаты работы по очистке от снега водопропускных труб и подготовка каналов к отведению основных талых вод.

В настоящее время общая протяженность железнодорожных путей дистанций пути филиала АО «НК «Қазақстан темір жолы» – «Костанайское отделение магистральной сети» составляет около 3 000 километров стыкового и бесстыкового пути. Они включают в себя около 600 километров станционных путей, более 1 600 стрелочных переводов, более 150 железнодорожных охраняемых и неохраняемых переездов, почти 260 железнодорожных мостов и более 500 водопропускных труб. Наибольшую опасность представляет накопление талых вод сверх критического уровня в 14 водохранилищах, озерах и реках.

На станциях Аркалык, Есиль, Арка и Костанай формируют-

ся противоразмывные поезда, включающие в себя платформы и крытые вагоны, загруженные бутовым камнем, некондиционными шпалами, инвентарем и инструментом для водооборьбы.

– Задача железнодорожников – приложить максимум усилий и принять меры к безусловному обеспечению безопасности движения поездов на участках своей гарантийной ответственности, – говорит Әлібек Махамбет. – Противопаводковые мероприятия на железной дороге являются важной частью системы обеспечения безопасности и надежности перевозочного процесса. Поскольку железнодорожные пути часто проходят через районы с высоким риском затопления и подвержены наводнениям, предусматриваются комплексные меры для минимизации рисков и предотвращения ущерба. Работниками и руководителями дистанций пути осуществляется постоянный контроль и отслеживание уровня осадков и состояния водоемов.

Заблаговременно проводится строительство и ремонт защитных дамб и насыпей вдоль железнодорожных путей. Ремонтируются дренажные системы для отвода талых вод от путей и станций,



